

Ленин тууы

Шығуына
26-шы жыл
№ 238
(6939)
1944 жыл
Жума
1 декабрь
Жеке саны
20 тыйын

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Совет Хабаршы бюросынан

28 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

28 ноябрьде Чехословакия жерінде әскерлеріміз 60тон аса елді жерлерді, оның ішінде СВИДНИЧКА, ВЫШНИЙ СВИДНИК, СТРОЧИН, СТРОТКОВ, БРУСНИЦА, ПЕТРОВЦЕ, КОШАРОВЦЕ, ЖАЛОБИН, СТРАЖСКЕ, БАНОВЦЕ, ЛОЖИН, МАЛЧИЦЕ, СОМОТОР, СТРЕДА, НАПОДГОРЕ, МАЛЫЙ және ВЕЛИКИЙ КЕВЕЗД қыстақтары мен СТРАЖСКЕ, БАНОВЦЕ, СОМОТОР темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Венгрияда НЬИРЕДЬХАЗА қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз ТИССА өзенінен өтіп, ЗЕМПЛЕНАГАРД, ОРХЕДЬ, ДАМОЦ, ЛАЦА, КИШ, РОЗВАДЬ, НАДЬ РОЗВАДЬ, РИЧЕ, ЦИГАНД, ПАЦИН, ЛУКА, КАРАД, ВИШ, ЗАЛКОД, НННЗЛЕ қыстақтарын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

27 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 32 танкін қыйратты, жойды.

29 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

3-УКР АИН майданының әскерлері шабуылға шығып, ДРАВА өзенінің солтүстік жағында ДУНАЙДАН өтті, сөйтіп ДУНАЙДЫҢ батыс жақ жағалауындағы дұшпанның қорғану шебін бұзып, ішке қарай 40 километр алға басты және бұзылған шептің енін майдан бойына 150 километрге дейін кеңейтті.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері ПЕЧ, БАТАЖЕК, МОХАЧ қалалары мен қатынас жолдарының ірі тораптарын алды және 330дан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде БАТА, ШОМБЕРЕК, ЛАНЬЧОК, ДУБОШЕВИЦА, БАТИНА, ЗМАЕВАЦ, КНЕЖЕВИНОГРАДЕЛУГ, МОРАДЬ, ВЕМЕНД, ХЕМЕШ-ХАЗА, ЛИПТОД, НЕМЕТ-БОЛЬ, ХЕРЦЕГ, ТЕТЕШ, БЕЛИ МАНАСТИР, ЯГОДНЯК, АЛЬШО, НАНА, ФЕКЕД, АЛАД-АРАШД, КАТОЙ, ПЕЧ-УДВАРД, ВИЛАНЬ, ХАРШАНЬ, БЕРЕМЕНД, БОЛМАН үлкен қыстақтары мен МОРАДЬ, БАТА, ПАЛОТА-БОЖОК, ФЕКЕД, НЕМЕТ-БОЛЬВИЛАНЬ, ХАРШАНЬ, БЕРЕМЕНД, ШИРИНЕ, БЕЛИ МАНАСТИР, ЗМАЕВАЦ, БАТИНА, ЧЕМИНАЦ, ДАРДА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

3-Украин майданының әскерлері Дунай өзенінен ұрыспен өтіп, оның батыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шепті алды. Дұшпан қайткен күнде совет бөлімдерін кері қуып тастап, Дунай шебінде бекініп қалуға тырысты. Немістер жау әскерлері мен қоса әсешілер бөлімдері мен өздігінен жүретін зеңбіректерін ұрысқа шығарып, әлденеше рет қатты қарсы атака жасады. Кескілескен ұрыстар болды, бұл ұрыстардың барысында кейбір елді жерлер бірнеше рет қолдан-қолға көшті. Алдыңғы атқыштар бөлімшелеріміз артиллерияның белсене көмектесуімен жаудың барлық қарсы атакаларын тойтарды, сөйтіп негізгі күштеріміздің Дунайдың батыс жақ жағалауына өтуін қамтамасыз етті. Бұдан соң әскерлеріміз қауырт соққы беріп, немістердің қорғану шебін бұзып өтті. Сөйтіп қардың бөлімдері солтүстік бағытта ұрыспен алға баса отырып, Дунайдың батыс жақ жағалауындағы немістердің маңызды тіректі бекінісі Мохач қаласы мен темір жол станциясын алды. Қалада жаудың азық-түлік және соғыс мүлкі қойған ірі складтар қолға түсірілді. Әскерлеріміз табысты дамыта отырып, бір күнде 20 километр алға басты, сөйтіп, темір жолдардың маңызды торабы — Батажек қаласын тіке шабуылмен алды. Батыс бағытта қыймыл жасаушы екінші бір бөлімдеріміз қатты ұрыстардың барысында неміс әскерлерін талқандап, Печ қаласы мен темір жол торабын алды. Толық емес мәліметтер бойынша, бір күнді ұрыстарда жаудың 1500 солдағы мен офицері қолға түсірілді. Печ қаласы ауданының езінде ғана немістерден 55 зеңбірек, 102 пулемет, 400 ат, оқ-дәрі қойған 8 склад, көптеген паровоз, вагон және басқа олжа қолға түсірілді.

Шығыс Пруссияда дұшпанмен екі арада артиллерия-миномет, мылтық-пулемет атысы болып тұрды. Н. бөлімінің 10 мергені соңғы күндері 58 гитлершілді қырын салды. Қызыләскер Левченко 10 немісті, кіші сержант Ростов 9 немісті және қызыл-әскер Цвелых 8 немісті өлтірді.

Пултускі қаласының оңтүстік-батыс жағында лейтенант Вершининнің барлаушылар тобы түнде қыйратқыш бомба тастап, дұшпанның тікелей сым бөгетін талқандады, сөйтіп, оның траншеяларына тап берді. Лейтенант Вершинин мен сержант Петров граната лақтырып неміс жер үйін талқандады, сөйтіп жаудың пулеметін адамдарымен қоса жойып жіберді. Бомбаның жарылған даусын естіп, ұрыс болып жатқан жерге немістер жүгіріп келді. Қолма-қол аяқтаста совет барлаушылары бірнеше гитлершілдерді жойып, жаудың бір адамы қолға түсірді, сөйтіп, ешбір шығынсыз өз бөлімдеріне қайтып келді.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы Лепая (Либавя) портында немістердің 9 мың тонналық екі транспорттың суға батырды.

Эрбен буғазында ушқыштарымыз дұшпанның екі күзет катерін суға батырды. Неміс армиясына зорлықпен алынған көптеген поляктар алғашқы қолайлы кезеңді пайдаланып, Қызыл Армия жағына шығуда. Немістердің 560-айып батальонының Қызыл Армия жағына шыққан солдаты Рудольф М. былай деді: «Польшада, немістердің зорлық-зомбылығына дұшар болып, азап шеккен жақын адамдары үшін көз жасын төкпеген семья кемде-кем шығар. 1939 жылы менің ағам немістердің қолына түсті. Міне содан бері одан ешбір хабар-ошар жоқ. Бұдан соң мені де неміс армиясына алды. Мен орыстар жағына шығып, поляк әскерлері қатарына қосылуға, сөйтіп неміс басқыншыларға қарсы соғысуға бел байладым. Бұл жолдағы бірінші сапарым сәтсіз болды. Мені ұстап алып, түрмеге отырғызды, бұдан соң айып батальонына жіберілді. Екінші ретте мен бақытты болдым, басқа поляктармен бірге совет әскерлерінің шебіне аман-есен жетіп, қолға берілдім».

Немістердің 349-жау әскер дивизиясының Қызыл Армия жағына шыққан солдаты Казимир П. мынаны мәлімдеді: «Мен Познань қаласының азаматымын. Бұдан бұрын ешуақытта армияда қызмет атқарып көргенім жоқ. Быйылғы 19 октябрьде неміс полициясы қалада адамдарды жаппай тұтқыңға ала бастады. Полицейскілер үйлерге баса көктей кіріп, барлық ерлерді ұстап алды. Мені полиция учаскесінің қорасына алып кіргенде онда 300дей адам бар еді. Түн ішінде бізді күзетпен Кемигсберг қаласына алып келіп, онда казармаларға орналастырды. Бірнеше күннен кейін казармаға неміс полковнигі келіп, біздің алдымызда сөз сөйледі. Ол былай деді: «Осыдан бастап сендер неміс армиясының солдаттары болып есептелеңдер және Шығыс Пруссияда қорғауға міндеттісіңдер». Мен полковниктің сөзі тыңдап отырып мынадай ойға қалдым: поляктар немістердің Польшада істеген аюандықтарын және Германия поляк халқының қас жауы екендігін, бұдан былай да жау болып қала беретіндігін қалайша ұмытты деп ойлады екен. Поляктар немістер үшін соғысады деп топас фрицтер не беттерімен ойлайды екен. Алғашқы мүмкіншілікті пайдаланып орыс әскерлері жағына шықтым. Поляк халқы Шығысқа есімді үмітпен қарап отыр. Поляктар өдерін фашистердің құлдығынан Қызыл Армияның жанында арада азат ететіндігін жақсы біледі».

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Советтер Одағының Маршалы ТОЛБУХИНГЕ

3-УКРАИН майданының әскерлері шабуылға шығып, ДРАВА өзенінің солтүстік жағында ДУНАЙДАН өтті, сөйтіп, ДУНАЙДЫҢ батыс жақ жағалауындағы дұшпанның қорғану шебін бұзып, ішке қарай 40 километр алға басты және бұзылған шептің енін майдан бойына 150 километрге дейін кеңейтті.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері Венгрия жерінде ПЕЧ, БАТАЖЕК, МОХАЧ қалалары мен қатынас жолдарының ірі тораптарын алды және 330дан аса басқа елді жерлерді ұрыспен алды.

ДУНАЙДАН өту және дұшпанның қорғану шебін бұзу ұрыстарында генерал-лейтенант ШАРОХИННИН, генерал-майор АКИМЕНКОНЫН, генерал-майор КРАВЦОВТЫН, генерал-майор БЛАГОДАТОВТЫН әскерлері; генерал-лейтенант КОСТА НАДЖДЫН, Югославия корпусы, полковник ПЕТРУШИННИН, генерал-майор ДРЕЙЕРДИН, генерал-майор ЛАЗАРЕВТИН, генерал-майор КОЗАКТИН, полковник МУХАМЕДИЯРОВТЫН, генерал-майор КУЛИЖСКИЙДИН, полковник СИДОРЕНКОНЫН, полковник СЫЧЕВТИН, генерал-майор ЦВЕТКОВТЫН, подполковник САВИЧТИН әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі НЕДЕЛИННИН, генерал-майор БРЕЙДОННЫН, полковник ГЛУШКОВТЫН, полковник ГЛАДКОВТЫН, полковник ГОНЧАРОВТЫН, полковник УСИКТІН, подполковник ШПЕКТИН, подполковник РАХЛИНИН, майор СЕЛЕЗНЕВТИН, подполковник СНЫТИННИН, подполковник НИЗКОВТЫН артиллерияшылары; полковник ПШЕНЕЦКИЙДИН, полковник ЗАВЬЯЛОВТЫН, подполковник МУХИННИН, подполковник ДВОРКИННИН, майор КАТИЛОВТЫН, подполковник ШЕВКИННИН танкшілері; авиация генерал-полковнигі СУДЕЦТИН, авиация генерал-лейтенанты ТОЛСТИКОВТЫН, авиация генерал-майоры БЕЛИЦКИЙДИН, полковник СМИРНОВТЫН, полковник ШАТИЛИННИН, авиация генерал-майоры ТИЩЕНКОНЫН, полковник НЕЛОСЕКИНИН, полковник ИВАНОВТЫН ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-полковнигі КОТЛЯРДИН, полковник НОМИНИН, подполковник РЫБАЛЬСКИЙДИН саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты КОРОЛЕВТИН, полковник СТАРОЛЕТОВТЫН байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ДУНАЙДАН өту және дұшпанның қорғану шебін бұзу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „ДУНАЙ“ атағын беруге және ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 29 ноябрьде, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, ДУНАЙДАН өткен және дұшпанның қорғану шебін бұзған 3-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне, оның ішінде генерал-лейтенант КОСТА НАДЖДЫН Югославия корпусына, Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ДУНАЙДАН өту және дұшпанның қорғану шебін бұзу ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1944 жылғы 29 ноябрь.

Мал шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық мәслихаты

27 ноябрь күні мал шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық мәслихатында Мұстафин жолдастың баяндамасы бойынша жарыс сөздің жалғасы болды. Жарыс сөзде Возвышен совхозының аға зоотехникі Жанпенсов, ҚК(б)П Преснов аудандық комитетінің екінші секретарі Кожаров, астық совхоздары тресінің бас зоотехнигі Колозев, облыстық ипподромның директоры Шабинин, Преснов совхозының директоры Ларин, Совет аудандық жер бөлімінің меңгерушісі Тұяқпаев және облыстық совет атқомі председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Сыздықов тағы басқа жолдастар сөз алып сөйледі.

Мәслихаттың қортындысында ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарі Нечаев жолдас ұзақ, әсерлі сөз сөйлеп, мал шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Мәслихатта мал шаруашылығын өркендетуде үздік табыстарға жеткен таңдаулы малшыларға сыйлық тапсырылды.

Осымен мал шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық мәслихаты аяқталды.

27 ноябрьде кешкілікте, облыстық театрда мәслихатқа қатысушыларға арналып орыс және қазақ ән-күйлерінен үлкен концерт берілді.

ХАЛЫҚ ТРИБУНЫ

С. АВВАКУМОВ,

Ленинградтың БК(б)П тарихы институтының директоры.

Бұдан 10 жыл бұрын 1934 жылғы 1 декабрде, орыс халқының кеменгер ұлы, Ленинград большевиктерінің басшысы Сергей Миронович Кировты фашизмнің жалдамалы аалым жеңдеті зулымдықпен атып өлтірді.

БК(б)П Орталық және Ленинград Комитетінің секретарі, большевиктік партияның Саясаттық бюросының мүшесі С. М. Кировтың отан болғандығы туралы БК(б)П Орталық Комитеті партияға, жұмысшы табына, барлық еңбекшілерге қатты қамығумен хабарлады. «Орталық Комитет,— делінген хабарда,— Киров жолдастың бейнесінің, пролетарлық революция үшін, ССРО да социализм құру үшін оның тайсалмай, қажымай күрес жүргізуінің жарқын үлгісінің миллиондаған пролетарларды және барлық еңбекшілерді социализмнің салтанат құруы жолындағы, жұмысшы табының барлық жауларын біржолата құрту жолындағы бұдан былайғы күреске рухтандыратындығына қатты сенеді».

Кировты бүкіл партиямыз сүйетін еді. Оны бүкіл совет халқы сүйетін еді. Оның отан болғандығы туралы хабар еліміздің халқына қатты батты. Ленинград еңбекшілері сүйікті басшысы, досы және ұстазымен қоштасу үшін Кировтың табыты жанына лек-лек болып келді. Кировтың денесі астанаға апарылғанда, бүкіл Москва халқы осындай ұшы-қыйры жоқ лек-легімен оның табыты жанынан өтті.

Еліміздің еңбекшілері қалаларды, алаңдарды, көшелерді, заводтарды, колхоздарды, мәдениет үйлерін Кировтың есімімен атады. Халық Киров туралы хикая, жырлар шығарды. Ақындар өздерінің шығармаларында оны жырға қосты. Скульпторлар, суретшілер ұлы азаматтың тұлғасын мрамрга, гранитке, бронзаға, лопотнаға мәңгі өшпес етіп түсірді. Композиторлар Киров туралы симфония жасады.

Ленин—Сталиннің сенімді шәкірті серігі Киров ұлы большевиктік партияның алдыңғы сапында күрес жүргізді. Ол өзінің барлық күшін, барлық өмірін революция ісіне, жұмысшы табының, барлық еңбекшілердің мүддесі үшін жанқиярлық күрес жолына сарп етті. Большевиктердің болаттай берік гвардиясының таңдаулы өкілі, астыртын жұмыстың барлық ауыртпалығына төтеп берген, баррикада ұрыстарының жалынды отынан, түрме тұтқынынан мойымай өткен ол бухараны ұйымдастырушы, жалынды нәсихатшы және үгітші болған еді. Киров нағыз халық трибуны болып өсті. Оның халыққа әсері өте күшті еді. Ол Томскі, Владикавказ жұмысшыларын революциялық ереуілдерге, демонстрацияларға, құралды көтеріліске бастады. Ол өзінің ерлік ісімен, ержүректілігімен халық ісі үшін табандылықпен күрес жүргізу үлгісін көрсетті.

Қайыспас қажірлі большевик Киров жұмысшы табының жұмысшылар қозғалысы ішіндегі жауларына қарсы күресте, меньшевиктерге, эсерлерге, анархистерге және буржуазияшыл ықбал жүргізушілерге қарсы күресте мейрімсіз болды. Патша өкметі жойылғаннан кейін Сергей Миронович Владикавказ жұмысшыларын, Терскі облысының еңбекшілерін бастап, Лениннің социалистік революцияға қарай ұстаған бағытын жүзеге асыру үшін күрес жүргізді. Оның әрбір сөйлеген сөзі жаңа, азат Ресейдің салтанат құратындығына шын жүректен сенушілікпен ұштасатын еді. Маркс—Ленин теориясымен қаруланған Киров көп ұлтты Солтүстік Кавказдың күрделі жағдайында шеберлікпен іс атқарды, контрреволюцияшылдар мен ұлтшылдарға қарсы шеберлікпен батыл күрес жүргізді.

Петроградқа, Советтердің бүкіл Ресейлік 2-съезіне Солтүстік Кавказ еңбекшілері жіберген Киров Октябрь революциясына, совет өкметін орнату ісіне белсең-

метін орнату жолындағы жалынды нәсихатшы, қайыспас күресші және ұйымдастырушы ретінде сөз сөйледі.

Құлдану мақсатымен Ресейге неміс басқышшылардың тобыры тап берген кезде, жалынды отаншыл Киров Солтүстік Кавказ халықтары алдында герман империализмінің қарақшылық ниетін әшкереледі. Неміс басқышшылардың қарақшылық ниетін әшкерелей келіп, Киров тау халқына совет елі халықтары бірлігінің маңызын түсіндірді. Еңбекшілер бухарасын социалистік отанды қорғауға жұмылдырды. Солтүстік Кавказда совет өкметін орнату, нығайту жолындағы барлық күрес Киров жолдастың есімімен тығыз байланысты.

Партия мен совет үкметі Астраханьді қорғау ісін басқару міндетін жүктеген Сергей Миронович еңбекшілер бухарасын ақгвардейстер мен шет ел басқышшыларына қаһармандықпен тойтарыс беруге жұмылдырды. Ол революциялық тәртіпті қатаң және табандылықпен жолға қойып, Қызыл Армия бөлімдерінің жауынгерлік өнерін нығайтып, қалада контрреволюцияшыл көтерілісті темірдей берік күшпен басып тастады. Астраханьді қаһармандықпен қорғау жолындағы басшылық қызметтегі өзінің істеген барлық қызметімен Киров совет отаншылдығының жоғары өнегесін көрсетті. Опасыз Троцкий Астрахань халқының көшіру жөнінде бұйрық бергенде, Киров бұл бұйрыққа ызалана қарсы шығып, Лениннің алдына мәселе қойды. Сөйтіп көсемнің: «Астраханьді ақырына дейін қорғандар!» деген нұсқауын қажырлықпен жүзеге асырды. Совет елінің ұлы отаншысы Киров «Астрахань өлкесінде бір коммунист қалғанға дейін, Еділ өзенінің құйылысы советтік болып келді, советтік болып отыр және бола бермек!» деп ержүректілікпен мәлімдеді.

Азамат соғысы кезінде бойына сіңген жігер-қайратпен Киров халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында, мәдениет мәселесі жолында қызмет істеді. Азербайжан Коммунист (большевиктер) Партиясы Орталық Комитетінің секретарі болып төрт жарым жыл қызмет атқарғанда Киров мұнай өнеркәсібін қалпына келтіру жөнінде зор жұмыс жүргізді. Оның басшылығымен мұнай өндіру техникасы жөнінде шын мәнінде революция жасалды, жаңадан мұнай промыселдары құрылып, ескі мұнай промыселдары қайтадан құрылды.

Баку жұмысшыларының сүйікті басшысы Киров еңбекшілердің мұқтажы жөнінде, ұлт мәдениетін өркендету, халықтар достығын нығайту жөнінде үнемі қамқорлық жасауымен бүкіл Азербайжан еңбекшілерінің сүйіспеншілігіне ие болды. Ленин—Сталиннің ұлы шәкірті және серігі Киров большевиктік партия қатарының бірлігін табандылықпен қолдады, Кавказдағы партияға қарсы топтарға қарсы, ел алдымен троцкизмді қарсы күресті. Ол Закавказьеде Ленин—Сталин ұлт саясатын бұлжытпай жүзеге асырды, ұлтшыл-ауа жайылушылардың барлық түрлеріне қарсы рақымсыз күрес жүргізді.

Партияның жаулары — зинovieвшілдер Ленинград партия ұйымын партияның сара жолына қарсы қоюға әрекеттенген кезде, партия үшін қыйын кезең туғанда, бір топ жолдастарымен—БК(б)П 14-съезінің делегаттарымен бірге Киров Ленинградқа жіберілді. Ол Ленинград партия ұйымының мүшелеріне, алдау жолымен съезге мандат алған Ленинград өкілдерінің 14-партия съезінде ұстаған жолының большевиктерге қарсы қылмысшыл мәнін түсіндірді. Ленинград большевиктері басқару қызметіне қойылған Сергей Миронович қысқа мерзім ішінде зинovieвшілдер оппозициясының толық жойылуына, Ленинград

партия ұйымы қатары бірлігінің нығаюына жетісті. Киров Ленинград большевиктерінің жыйылыстарында сөйлеген сөздерінде зинovieвшілдердің екіжүзділік пиғылын, олардың партияға қарсы қылмысшы әрекетін, олардың елімізде социализм орнату мүмкіншілігіне меньшевиктік пен сенбеушілік ниетін әшкереледі. Киров социалистік индустрияландырудың Лениндік—Сталиндік жоспарын бухараға зор жігермен түсіндірді, оның социализм құру, еліміздің шаруашылық жағынан тәуелсіз болуына және Советтер Одағының отан қорғау қуатын нығайтуды қамтамасыз ету ісіндегі маңызын түсіндірді.

Ленинге қарсы шыққан топтардың, партиямыз талқандаған қалдықтары партияға қарсы троцкишіл-зинovieвшіл топқа бірігіп, большевиктік партияның бірлігін бұзу мақсатында бұзықтық саясат жүргізгенде, Киров Ленинград ұйымын троцкишіл-зинovieвшіл опасыздарға қарсы мейрімсіз күрес жүргізуге жұмылдырды.

Социалистік индустрияландыру ісін жүзеге асыру ісіне Сергей Миронович өзінің барлық күшін, өзінің сарқылмас барлық жігерін жұмсады. Ол елімізді индустрияландыруда Ленинград өнеркәсібінің зор роль атқаруға тиіс екендігін Ленинград жұмысшыларына түсіндіруден жалықпады. Ол Ленинград жұмысшыларын социализмнің жеңіп шығуы мүддесі үшін ұлы істер істеуге рухтандырды.

С. М. Кировтың басшылығы арқасында қысқа мерзім ішінде жаңа техника негізінде ескі заводтар қайтадан көркейді, жаңа цехтар құрылды. Ленинград индустриясының жаңа алыптары жасалды. Электр станциялары бірінен соң бірі қатарға қосылды. Оның басшылығымен Ленинградта өнеркәсібінің орасан көп жаңа түрлері, тракторлар, бумен және сумен жүретін қуатты турбиналар, гидрогенераторлар, дизельдер, электр қуатын байқайтын аспаптар, автоматтық телефондар, радио хабарларын тарататын құралдар өндірісі жасалды, алюминий қолдан жасайтын каучук өндірісі күшейтілді аса қуатты кабельдер өндіру, блюминг тағы басқа заттар өндірісі жолға қойылды.

Киров зор құрлыс жұмысын үздіксіз алға бастырды. Өндірістің күрделі міндеттерін шешу ісіне ғылыми-зерттеу институттарын қатыстырды. Ол жұмысшылардың өндіріс мамандығы жағынан өсуіне қамқорлық жасап, жоғары дәрежелі оқу орындарының, техникумдардың жұмысына назар аударды, Ленинградты кадрлар дүкеніне айналдырды. Магнитогорскіге, Кузбасқа, Оралға, Қызыл Шығысқа Ленинград біліммен, тәжірибеммен, Ленинградтың алаңқты дәстүрлерімен, Киров берген жақын жігермен қаруланған адамдар келіп жатты.

Киров еліміздің отан қорғау күш-қуатын арттыру ісінде индустрияландырудың орасан зор маңызы бар екендігін жете түсіндірді. Қазір отан соғысы күндерінде совет халқына ССРОның қуатты қамалға айналуы, қамтамасыз еткен елімізде индустрияландыру саясатының отанымыз үшін аса зор маңызы бар екендігі өте мәте түсінікті болып отыр. Жаулардың барлық арам ойы осы қамалға соқтығып, күйреді.

Кировтың басшылығымен Ленинград облысының ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісі тек ғана ойдағыдай шешіліп қойған жоқ, сонымен қатар коллективтендіру ісінде елімізге орасан көмек көрсетілді. Ленинград Отанымызға тракторлар берді, ол селоларға колхоз құрылысының сан мыңдаған ұйымдастырушылары жіберді.

Ленинград большевиктерінің басшысы бүкіл Советтер Одағының, оның ішінде

Ленинградтың отан қорғау қуатын нығайту ісіне ерекше көңіл бөлді. Империалистік шапқыншылардың шапқыншылық жасау хауіп үнемі Ленинградтықтардың есіне салып, Киров социализм елінің қуаты қамалы ретінде Ленинградтың ерекше орын алатындығын атап көрсетті, Ленинград партия ұйымынан отан қорғау мәселесіне ерекше назар аударуды талап етіп отырды. Киров жаудың шапқыншылық жасау хауіп жөнінде Германияның өкмет басына Гитлер тобырларының келуімен байланысты жиі-жиі айтатын болды. Советтер Одағына қарсы қарулы шабуыл жасауға әзірлікке герман фашистерінің ерекше күшті болып отырғандығын Киров тура айтты.

«Есуастанған авантюристер,—дейді ол,—ақылынан адасқандар үйінен шыққан адамдарға лайық есуастық жоспарлар идеямен өуре болып жүр. Алайда бұл бізден бұрынғыдан да әзір болуды, еліміздің отан қорғау және соғыс қуатын бұрынғыдан да арттыра беруді талап етеді. Бейбітшілік саясатын жүргізе отырып, еңбекшілердің ұлы елін кімнің болса да қол жаулық етуіне жол бермейміз». Гитлер бандиттерінің аюандық пішінін аша отырып, фашистердің ғылым мен мәдениетке зулымдық жасауын Киров рақымсыз өшке реледі. Ғылымға қарсы күресуді, орта ғасырлық қаратүнек орнатуды өздерінің ураны етіп қойған фашист жауыздарға өлтіре соққы берді.

Партияның 17-съезінде сөйлеген өсерлі сөзінде Киров партияның Ленин—Сталиндік жолының салтанат құрғандығын, социалистік Отанымыздың игілігі үшін барған сайын игілікті істер істеу қажет екендігін айтты. Троцкишіл—бухариншіл азғындардың сұрапыл қылмысының анығын әлі толық білмей тұрып-ақ, Сергей Миронович съез трибунасынан партияның жаулары—троцкишіл-бухариншіл екіжүзділерді қатты әшкереледі, олардың «аит-су бақен» мәлімдемесіне сенбеуге шақырды. Міне сондықтан да, Отанымыздың жалынды отаншылығына және партиямыздың, бүкіл халқымыздың сүйікті ұлына фашистер, олардың троцкишіл-бухариншіл жалдамалы жеңдеттері өздерінің зулымдық соққысы жұмсады.

«Сергей Миронович деді,—Жданов жолдас,—адамдарды партиямыздың туы төңірегінде топтандырып, ұйымдастыру өнерін жете меңгерді. Оны орынды түрде партияның трибуны, ұлы халқымыздың трибуны деп атады. Ол бухараны ұрысқа жігерлендіре, қайраттандыра және ұмтылдыра білді».

Орыс халқының кеменгер ұлы, фашизмге қарсы мейрімсіз күрес жүргізуші С. М. Кировтың жарқын бейнесі ұлы отан соғысы күндерінде совет адамдарын ұрыста және еңбекте қаһармандық істерге рухтандырады.

Ленин—Сталин ісіне шексіз берілген Ленинград еңбекшілері неміс-фашист қарақшыларға қарсы өліспей бітіспейтін ұрыста ұлы сыннан аброймен өтті, бүкіл совет халқының көмектесуімен Ленинградты неміс басқышшылардан сақтап қалды. Айбынды Қызыл Армиямыз Германияның қарулы күштерін бірсыпыра қыйрата жеңіліске ұшыратты. Совет әскерлерінің және одақтастарымыздың әскерлерінің бірлесіп соққы беруі Гитлер Германиясын апатқа, сөзсіз талқандалуға душар етті.

Совет халқының бейбіт игілікті еңбекке қайта оралатын күні алыс емес. Тамаша большевик Кировтың бейнесі—совет адамдарын Сергей Миронович өмір сүріп, мүддесі үшін күрескен ісін біржолата жеңіп шығуы жолындағы күресте жаңа ерлік істерге жігерлендіреді. Оның бейнесі ғасырлар бойы мәңгі өшпейді.

Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімін арттыруда жаңа табыстарға жетейік!

шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық мәслихатында еңбекшілер депутаттарының облыстық совет аткомінің председателі К. МҰСТАФИН жолдастың жасаған баяндамасынан*)

Бас қолбасшы Советтер Ода-Маршалы Сталин жолдастың Улы Социалистік революциясының 27-ші тураты тарихи баяндамасына аса үндәре келіп, Мұстафин жолдас баяндалған Армияның қол жеткен даңқты реті мен тыл қызметкерлерінің аса ілкіті істерін баяндады. Бұдан әрі, жолдас облысымызда мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспар орындалу барысы, мал қыстатуына әзірліктің қортындысы және күздегі негізгі міндеттер туралы сөзге тоқталды.

Мал шаруашылығын өркендету-ай ішінде істелген жұмыстардың қорытындысы үкметіміздің аса маңызды ісін орындау ісіне тыңғылықты қауып-шілікпен қараған партия, ұйымдарының, колхоз, совхоз басшылары мал шаруашылығын өркендету мемлекеттік жоспарды толық және орындалуға едәуір табысқа жеткен-гәлді сақтау ісін қамтамасыз еткен-гәлдейтін малдардың қысыр калуын, ірі қара малдың қысыр қалуын ілгендігі, төлдің көп алынуын қам-тандыруға, қорғамдық малдың өнім-діртіндігін сипаттайды.

Жот ауданындағы «1 май» колхозы председателі Малышкин, ферма меңгеру-шісі Абрамидис жолдастар 1944 жылға ар-жоспарды едәуір артығымен орында-у ісін барлық түрі жағынан мал 18,2 процент көбейді. Ірі қара мал, және шошқа фермаларында мал ы тыйылды. Осының нәтижесінде да әрбір 100 сыйырдан 103 бузау, 100 саулықтан 119 қозы алынды. 3 мемлекет қолындағы борышын тө-теді.

Мал өсірудің мемлекеттік жоспарын асы-рындау есебінен быйыл 50 мал кол-хоздардың еңбек күндеріне бөліні бе-рі отыр. Колхоз мал қыстатуға үлгі-ленді. Азық қорын жасау жоспары процент орындалды.

Мал шаруашылығын өркенде-туі өнімін арттыруда Полудень ауданы «Стахановец» колхозы (предсе-ді Згура, ферма меңгерушісі Киев-стар) Булаев ауданындағы «Моло-доярлар» (председателі Нестеров жол Маидют ауданындағы Вильямс атың колхоз (председателі Конкин жол-дас), Конохов ауданындағы «Красная 5», «Ленинский путь» колхоздары, Шым ауданындағы Тельман атындағы «Ба», «Образцовый», Полудень ауданындағы «Қызыл ту», Совет ауданындағы «С», «Северный берег», колхоздары, Павл ауданының «Ударник» колхоз-Тенин ауданының Сталин атындағы, Нов ауданының Советский путь», Шым колхоздары соғыс уақытының қы-шығына қарамастан, мал шаруашы-лығын өркендетуде зор табысқа жетті. Колхоздар мал шаруашылығында айтар-ай табысқа ие болды, жауды біржо-лау ісіне бағалы үлес қосты.

Быйылғы жылы он айында әрбір са-сыйырдан облыс бойынша орта мөл-786 литр орнына, 917 литр сүт сауыл-әрбір қойдан 1,7 килограм орнына, 2,2 грам жүн қырқылып алынды. Колхоз мал шаруашылығын өркендету-арын толық және асыра орындау жо-дағы жарыс нәтижесінде таңдаулы ылардың қатары өсті.

Сімен ауданындағы «Баян» колхозы жұмысшысы Нұртайын Рақымжан бы-32 биеден 26 құлын алып, шығынсыз ді. Жылқы шағылыстыру жоспарын та-ен орындап, құлынды мәселен күткені Нұртайын жолдас қосымша ақыға килограм астық, 1 құлын, 1 бузау, 2 алғалы отыр.

Мамлют ауданындағы «Пробуждение» өзіннің сауыншысы Ефросинья Нур-кәя, Ленин ауданындағы «Красный ярк» колхозының бузаушысы Айна-қова, Октябрь ауданындағы «Друж-ба» колхозының жылқышысы Андрей Сту-кко жолдастар облысымыздағы таңдау-тәжірибелі мал мал өсірушілердің бірі. Мал шаруашылығын өркендетуде қа-і еңбек істеп жүр.

Таңдаулы мал өсіруші адамдар жөнінде, дың жаңғырлық еңбегі жөнінде көп-л мысал келтіруге болар еді. Бірақ, оз құрылысының өрісі кең, болашағы өкелдігі, өз ісіне жетілген, шымыздық ісіне, совет үкметі ілшінің жазып алуы бойынша қысқар-ды берілді.

мен Ленин-Сталин партиясы ісіне шексіз берілген адамдарымыздың қандай керемет істер істеу қолынан келетіндігін сипаттау-ға осылардың өзі де жеткілікті.

Быйылғы жылдың 1 ноябріне дейін мал шаруашылығында 12675 колхозшы жұмыс істейді. Бұлардың ішінен 352 адам мал басын көбейту, төлді сақтау, мал шаруашылығының өнімін арттыру ісінде жоғары көрсеткішке жетті. Осының нәтижесін де олар даңққа ие болды, еңбегіне лайық сыйлық алды. Қосымша ақы ретінде олар ға ірілі ұсақты 894 мал берілгені отыр.

Мал шаруашылығын өркендету жөнінде жоғарыда келтірілген мысалдар облысы-мызда алдыңғы қатарлы мал шаруашылы-ғы бар облысқа айналдыру үшін бізде қандай ұшан-теңіз мүмкіншіліктер бар екендігін сипаттайды. Бірақ көптеген аудан дарымызда осы мүмкіншіліктер пайдала-нылмағаны отыр. Осының салдарынан, колхоз мал шаруашылығының да, колхозшылардың жеке меншігіндегі мал шаруашылығының да жайы тіпті айтарлықтай болмай отыр. Жұ-мыстағы елеулі кемшіліктерді жою жөнін-де жергілікті советтердің, жер орындары-ның, колхоз, совхоздардың басшылары үіл-ді-кесілді шара қолданбай келеді. Облыс-мыз мал басын көбейтудің мемлекеттік жоспарын орындай алмады. Малдан өнетін өнім мөлшері тіпті аз.

Мал басын көбейту жоспарының орындал-мауына ең басты себеп—бізде ірі мал мен төл өте-мөте көп шығын болды, төлдейтін малдың көбі қысыр қалды. Малдың іш тастауы көбейді. Бірсыра колхоздар мен аудандарда малды орынысыз сою, талан-таражға салу, сату ісі етек алды.

Бұл сыяқты кемшіліктер мал шаруашы-лығын әлі де жете бағаламаушылық салда-рынан болып отыр. Партия, комсомол ұйым-дары партия мен үкметіміздің аса маңыз-ды қаулы-қарарларын, әсіресе ҚК(б)П Орта-лық Комитеті Х пленумының, Одақтық Халық Комиссарлары Советінің быйылғы 12 майдағы қаулыларын мүлтіксіз орындау ісіне шын мәнінде мұрындық бола алмады.

Көптеген аудандарда малдың құнарлы азық қоры жасалмады. Малды бағып-қағу ісі тіпті нашар. Мал шаруашылық қызмет-керлерін іріктеп алу, еңбек ұйымдастыру ісі ойдағандай болмады. Осының салдары-нан, малды бағып-қағуда жауапсыздық орын теді. Мал өсіруші қызметкерлер ара-сында көпшілік-саясат, тәлім-тәрбие және мәдени-ағарту жұмысы өрістетілмеді. Со-циалистік жарыс және стахановшылар қоз-ғалысы көңілдегідей ұйымдастырылмады. Көптеген колхоздар мен аудандар жыл сайын мал қыстату маусымына күнтей-аз әзірленіп, малды азықсыз қалдырып келе-ді. Осының салдарынан, мал арықтап, тіп-ті кей жерде көтеремге айналдып, ауруға шалдығып, шығынға ұшырап келді.

Әсіресе Булаев, Совет, Соколов, Полу-день, Октябрь және Ленин аудандарында мал шаруашылығының жөйі мүлде қанағат-танғысыз. Сондықтан да бұл аудандарда мал шығыны көп болды. Бұл аудандарда мал шаруашылығының мұндай күйге ұшырауына басты себеп аудан басшылары өздерінің мемлекет алдындағы жауапкер-шілігін сезеіні отыр. Олар түлік өсіру жұ-мысында болған бұл жағдайды онлауға-нақтылы шара қолданбай келеді. Айта ке-ту керек, кейбір аудандарда, әсіресе Совет ауданының колхоздарында малды орынысыз сою, талан-таражға ұшырату фактысы етек-алған. Октябрь айында тексеріс жүргізген-де, бұл ауданның 9 колхозында 173 мал-дың жетпейтіндігі анықталды. Ауданның көптеген колхоздарында мал басы тіпті азайған. Бірақ осыған қарамастан, аудан басшылары тиісті шара қолданбай, орын-сыз төзімділік істеп отыр.

Мал шаруашылығының өнімін неғұрлым арттыру және малдың тұқымын жақсарту—ең басты міндеттердің бірінен саналады. Демек, мемлекет алдындағы міндетті бо-рышты дер кезінде орындау, майдан мен халқымызды тамақ заттарымен, ал өнеркә-сіпті ішкі затпен тыңғылықты жабдықтау осыған тікелей байланысты. Бірақ мал азы-ғы қорын жеткіліксіз жасау, малды дұрыс азықтандырмау, бағып-қақтау, малдың тұ-қымын асылдандыру мен будандастыру ісін жақсартуға маман қызметкерлердің жауапсыз қарауы салдарынан, мал шаруа-шылығының өнімі әлі төмен болып отыр.

Бұл сыяқты жағдайдан аудандардың, ауыл-селендік советтер мен колхоздардың басшылары, мал шаруашылығы қызметкер-лері тиісті қортынды жасап, мал шаруа-шылығын өркендету ісін негізінен жақсар-туға тиіс. Бұл үшін мал шаруашылығына

басшылық жасау әдісін шұғыл өзгерту керек.

Қоғамдық мал басын көбейту, оның өні-мін арттырумен қатар, совет жер орында-ры, партия және комсомол ұйымдары, кол-хоз басшылары колхозшылардың жеке меншігіндегі түлікті өсіру жұмысына да жете көңіл бөлуге міндетті. Аланда бұл жөніндегі жұмыстың жайы да қанағатта-нарлық емес.

Жолдастар! Қазір мал өсірушілер үшін жұмыстың қауырт кезі. Мал қыстатудың жауапты кезеңі туды. Мал басының бар-ған сайын көбейіп, оның өнімінің артуы қысқы маусымға сақандай-сай әзірленуге байланысты. Мал тоқ болса, жақсы күтіл-се, өсіп-өне бермек, еліміз бен майдан азық-түлікті солғұрлым мол алатын бола-ды.

Мал қыстатуға үлгілі әзірлену жөнінде едәуір жұмыстар істелді. Мал қыстатуға әзірлікті тексеру нәтижесінде облысымыз-дағы 426 колхоздың 190ы мал қыстатуға әзірлігі жөнінде аттестат алды. Тексеру комиссиялары 255 колхозды мал қыста-туға әзір деп тапқан болатын. Колхоздар мен аудандардың басым көпшілігі быйыл қысқы маусымды үлгілі өткізу үшін қажетті жағдай жасады. Дегенмен, бірсыра аудандарда мал қыстатуға әзірліктің қана-ғаттанғысыз екендігін, жұмыста өте хауіп тұғызып отырғандығын айта кету керек. Көптеген аудандардың басшылары егін жыйнау, астық тапсыру жұмысын бетке ұстап, мал қыстатуға әзірлікті бәсеңдетті. Осының салдарынан, бірсыра аудандарда істің жөйі тіпті нашар болып отыр. Ленин, Петропавл, Соколов, Приешім, Булаев, та-ты басқа аудандар мал қыстатуға толық әзір емес. Колхоздардың көпшілігі азық қорын жасау жоспарын орындамады. Қыс-таулар жөнделіп, жылытылмады.

Құнарлы мал азығы қорын жасауға кол-хоздарымыздың мүмкіншілігі мол. Бірақ, сол мүмкіншіліктерді пайдалануға ұқып-сыз қарау салдарынан бізде құнарлы азық қорын жасау жоспары жыл сайын орын-далмай келеді. Быйыл да жағдай осындай болып отыр. Облыста пішен шабу жоспа-ры 88,6 процент, шөп сүрлеу жоспары 42,4 процент ғана орындалды. Мал азығы қорын егіннің сабаны мен мекені есебінен толықтыру жұмысы да мақтарлық емес. Мұнымен қатар, минеральді мал азығы қорын жасау жұмысы да нашар.

Қыстауларға пішен тасу ісі тіпті қана-ғаттанғысыз. 20 ноябріге дейін орта есе-пен 60 процент орнына, мал азығының 23,2 проценті ғана қыстауларға тасылды. Ал, Соколов, Полудень, Ленин, Приешім, Петропавл, Октябрь аудандарында пішен-нің 15—18 проценті ғана қора жанына тасылды. Мал азығын тасудағы бұл сыяқ-ты олқылыққа ешбір төзуге болмайды. Бұл жұмысты кешеуілдету мемлекет ал-дында қылмыс істеумен тең.

Мал қыстатудың алғашқы күнінен бастап азықтың ұқыпсыз жұмсалыуына қарсы қатты күрес жүргізу керек. Барлық мал азығын қыстауға тасып ую қажет. Бұл әр-бір ауданның колхоз басшысының, мал шаруашылығы қызметкерінің алдында тұр-ған айыбы міндеттің бірі.

Қысқы жағдайда мал сауатын ұйымда-стыру шешуші шарттың бірі. Сондықтан бұл мәселеге де мал өсірушілердің жете назар аударуы керек.

Мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімін арттыру ісін түйінді қызметкерлер ішешеді. Сондықтан да мал өсіруші қыз-меткерлер жұмыс саласына ойдағандай та-ғайындалмаса, олардың іскерлігі, тәжірибе-сі болмаса мал басын көбейту міндетін орындау ісі де оңай болмақ емес. Бірақ аудандардың, колхоздар мен совхоздардың басшылары бұл негізгі шартты кейде ұмы-тып кетеді. Сөйтіп қызметкерлер арасы-ндағы жұмыс бәсеңдейді.

Мал шаруашылығы қызметкерлері ара-сында жұмыстың нашар жүргізілгендігін мына мысалдар сипаттай алады. Қоғамдық мал шаруашылығында жұмыс істеу үшін мал фермаларына 12675 адам бекітіл-геніс болса, іс жүзінде 10638 адам бекітіл-ді. Қызметкерлерді мал фермаларына ірік-теп тағайындау жұмысына атүсті қарау салдарынан, еңбек ұйымдастыру, еңбекке-ақы төлеу ісін дұрыс ұйымдастырмау сал-дарынан мал фермаларында қызметкерле-руақтандырылмай келеді. Бұл малды ба-ғып-қағуда олардың жауапкершілігін кемі-тіп отыр.

Көптеген колхоздарда мал өсіруші қыз-меткерлердің еңбегі дербес есебінана не-гізінде ұйымдастырылмаған. Олардың ең-

бегіне ақы төлеуде теңгермеушілік әдісі орын алған.

Мал дәрігерлік-зоотехникалық маман қызметкерлер колхозшы малшылар арасы-нда оқу-үйрену ісін, аңгіме өткізу, лекция оқу ісін ұйымдастыра алмай отыр. Мал-шылар арасында көпшілік түсінік, саяси және мәдениет жұмысы тіпті баяу.

Жұмыстағы кемшіліктің негізгі сырыда міне осында. Сондықтан совет, жер орындарының, партия және комсомол ұйымда-рының басшылары, мал өсіруші мамандар мен колхоз басшылары мал шаруашылығы қызметкерлерін қызметке іріктеп алуғағы іс әдісін негізінен өзгертіп, мал өсіруші бригадалардың қатарын қайтадан қарауға тиіс. Сөйтіп социалистік мал шаруашылы-ғын өркендету ісін тәжірибелі, таңдаулы адамдарға тапсыру керек. * * *

Облысымызда мал шаруашылығы жөйін жақсарту, жоғарыда көрсетілген елеулі кемшіліктерді дереу жою ісін қолға алу қажет. Бұл үшін ең алдымен таяудағы күндер ішінде барлық мал қораларын жөн-деудегі, жылытып, жабдықтаудағы кемші-ліктер жедел жойылатын болсын. Мал қораларға дұрыс бөлініп, колхоз, совхоз-дардың барлық фермалары мен бригадала-рында жұмыс күнінің нақты тәртібі белгіле-ну керек. Барлық суаттар мен құдықтар оңдалып жабдықталуға тиіс.

Колхоз, совхоздарда мал азығы ұқыпты жұмсалсын. Эрбір колхоз, совхозда мал қыстатуды өткізу, түлікті азықпен қамта-масыз ету ісі тыңғылықты бақыласын. Мал азығы кем колхоздарды пішенмен қамтамасыз ету жөнінде дереу шара қол-данылу қажет. Малды мөлшермен азық-тандыру керек. Малдың қоңын төмендет-кен, шығын болуға ұшыратқан айыпты адамдар қатаң жауапқа тартылатын бол-сын.

Мал азығын жұмсау жөнінде әрбір кол-хоз, совхозда айлық жоспар жасалу қа-жет. Бұл жоспарда құнарлы азықты көк-тем маусымына, мал төлдейтін маусымға арнап, сақтап қалдыру шарасы көзделсін. Барлық колхоз, совхоздарда мал азығын тасу жөнінде арнаулы тасымал бригадала-ры құрылуға тиіс. Бұларды колхоз басқар-маларының мүшелері, ферма меңгерушілері басқаруы керек. Эрбір бригадала күнделік тапсырма белгіленіп, 1 январьға дейін бар-лық азық қора жанына тасылып үйдуге тиіс.

Эрбір колхоз, совхозда малдың азықтан дырылу жөйін, күйін және ден саулығын байқау ісі ұйымдастырылсын. Ауру мал бөлек бағылатын болсын. Қотыр тағы бас-қа ауруға шалдыққан малды емдеу жұмы-сы жақсартылсын. Мал өсіруші бригадалар-дың қатарын тексеру шарт. Олар кезеңау, кездесісқ адамдардан арылтылып, брига-далар таңдаулы, тәжірибелі қызметкерлер есебінен толықтырылу керек. Олардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылуға тиісті.

Мал шаруашылығының қызметкерлері арасында мал шаруашылығы мәселесі және халықаралық ақуал жөнінде лекция оқу, аңгіме өткізу, газет-журналдар оқу ісі үнемі жүргізілсін. Бұл үшін мал дәрі-герлік мамандар, агрономдар, аудандық партия-совет белсенділерінен тәжірибелі жолдастардан арнаулы үгітшілер бөлінуі керек. Эрбір апта сайын мал өсіруші бри-гадалардың қызметкерлері арасында мал дәрігерлік-зоотехникалық тақырыпта оқу өткізілу шарт.

Колхозшылардың жеке меншігіндегі ма-лдың азықпен қамтамасыз болуына ерек-ше назар аудару керек. Бұл жөнінде кол-хозшыларға көмек көрсетіп, колхозшы ша-руалардың бәрінің мейіргінде малы болуы-на назар аудару керек.

Мал шаруашылығында және мал қыста-туға әзірлікте болған елеулі кемшіліктерді дереу жойып, малдың қысқы маусымнан шығынсыз, күйлі шығуын қамтамасыз ету —эрбір мал өсірушінің ардақты міндеті.

Мал шаруашылық қызметкерлері қажірілі еңбек істеп, мал басын көбейте беруге, оның өнімін неғұрлым арттыруға тиіс. Бұл үшін мал қыстату маусымының үлгілі өт-кізілуін қамтамасыз ету керек. Еліміз бен майдан мүддесі, жеңісіміздің мүддесі біз-ден осыны талап етеді.

Кемейткер көсеміміз Сталин жолдастың тарихи баяндамасы және бұйрығымен, ба-тыр Қызыл Армияның ұлы жеңістерімен жігерленген колхозшы шырқалардың, мал шаруашылығы қызметкерлерінің бұл айып-ды міндетті аброймен орындауына тың-аумен жок.

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

ТАҢДАУЛЫ МАШИНАШЫЛАР

Петропавл депосының машинашылары поездың жүру шапшаңдығын барған сайын арттырып, көмірді неғұрлым мол үнемдеуде.

Машинашылар Маликов және Фоменко жолдастар өндірістік зор табысқа жетті. Олардың әрқайсысы ноябрь айында 21 тонна көмір үнемдеп поездың техникалық жүру жылдамдығын сағатына 2 километр арттырды.

25 ноябрьде бас машинашы Сыроешко жолдастың паровозшылар бригадасы ауыр салмақты поезды «Красная стрела» жылдамдығымен жүргізіп поездың техникалық жүру шапшаңдығын жоспарға қарағанда 12,7 километр арттырды. Машинашы Иванов жолдас ауыр салмақты поезды айтылмышты жерге жеткізіп, оның техникалық жүру шапшаңдығын 22 километр арттырды.

Е. ИМАНБАЕВ.

Жаңалық табушы Любимов жолдастың өндірістік табысы

Любимов жолдас Н. заводндағы ірі цехтардың бірін басқарады. Ол-заводтағы маңдай алды жаңалық табушылардың бірі. Любимов жолдас өндіріске ондаған бағалы ұсыныстар кіргізді. Бұл ұсыныстар заводқа көп мыңдаған сом қаржы үнемдеуге мүмкіншілік берді.

Любимов жолдас жақын арада темір кесу және шыны тесу жұмыстарының қарқынын күшейту үшін арнаулы аспап жасап шығарды. Бұл іс бұрын артта қалып келген жұмыс учаскесін алдыңғы қатарлыларға теңеуді қамтамасыз етті.

Любимов жолдас қазір технологиялық процесті жеңілдету, қолмен істелетін жұмысты механика күшімен атқару, станоктардың қуатын сарқа пайдалану үшін өзінің барлық күш-қайратын жұмсауда.

Е. МАЛАЕВ.

20 күндік жоспар артық орындалды

Петропавлдағы «Молот» қолөнершілер артелінің коллективі ноябрь айының 20 күндік өндірістік жоспарын едәуір артығымен орындап, жоспардан тыс көптеген бұйым өндірді.

Ыдыс-аяқ жасайтын цехтың жұмысшылары жоспарды 125 процент, егеу жасайтын цехтың коллективі—100 процент орындады. Егеу жасап шығаратын цех колхоз шаруашылығы үшін жоспардан тыс 2000 сомның бұйымын өндірді.

Артельдің маңдай алды жұмысшылары Дурдина, Фаткулина жолдастар жеңіс сағатын тездету үшін тынбастан жұмыс істеп, тапсырманы әрдайым 200—300 процент орындап жүр.

ЕСІМОВ.

Поездың жүру шапшаңдығын арттыруда

Петропавл темір жол торабының машинашылары майданға қару-жарақ, азық-түлікті мезгілінде жеткізу үшін күш-қуат жұмсауда.

Ануфриева жолдастың басқаруындағы алдыңғы қатарлы паровозшылар бригадасының мүшелері Петропавлдан Макушино станциясына сапарға шығып, ауыр салмақты поездың тәуліктік жүру шапшаңдығын 1032 километрге жеткізді. Машинашы Помазов жолдастың басқаруындағы бригада мүшелері поездың техникалық жүру шапшаңдығын 6 километр арттырды.

Н. ӘСИӘ.

Қабыш СИРАНОВ

„Абай“ киносуреті

Абай—қазақ халқының ұлы ақыны және ақыл-ой иесі. Ол өзінің бүкіл өмірін халық игілігі-жолына жұмсап, қызмет еткен. Адам жанына жағымды, тамаша өлеңдері мен әндері, дана сөздері арқылы Абай халықты мәдениетке жетектейді, сол кездегі шірік пиғылдарға қарсы күреседі, әділеттік жолын сілтейді.

Абай қазақ халқының мәдениетін арттыру мақсатында орыс халқының мәдениет мұраларын терең зерттеген, оның тамаша қайраткерлерімен дос болған. Ол кезде халықтың сана-сезімін, мәдениетін дін бұғауынан алыстатпай өрекет етушілер Шығыста аз емес еді. Ал Абай бұл пиғылдан аулақ болды. Ұлы орыс халқының мәдениет мұраларын терең зерттеп, оны халық арасына кең таратуды ол өзінің мақсаты деп ұғынды.

Жазушы М. Әуезов пен Г. Рошаль өздерінің киносценариясында Абайды осылай көрсетеді. Суреттегі оқыйға тек Абайдың дара басына ғана құрылмайды. Халық қайғысы, елдің мұң-мұқтажы, зары Абайдың өмірімен тығыз байланысты болып, ұштасып жатады.

Абай әділеттік үшін күресті. Бірақ, әділетті ол таба алмай жок. Өлең жазып, ән шығарып, халықтың көзін ашуға тырысты ол. Бұл оның мақсаты болды. Халық оның өлеңдерінен, әділеттік табады. Бұл әділеттікті алтын мұрадай сақтап, Абайдың шәкірттері қазақ даласына таратады. Авторлар Абайды тек ақын етіп ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар, оны қоғам қайраткері есебінде де көрсетеді.

Қартинаны жүзеге асырып жатқан Советтер Одағының көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткері Рошаль, Қазақ ССР-нің көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткері Е. Арон және оператор Г. Пишкова жолдастар «Абай» киносуретін идеялық және көркемдік жағынан кұнды етіп шығару үшін барлық күш-жігерлерін жұмсауда.

Қазір картинаның үштен бірі ғана түсіріліп бітті. Сөйтседе болашақ картинаның сапасы өте жақсы болып шығатындығын осы бастан айтақ ертелік етпейді. Киноның мазмұн құрылысы, артистердің ойыны, киімдер, грим және түсірілген суреттердің көрініс салалары осылай деп бағалауға мүмкіншілік береді.

«Абай» киносуреті республикамыздың мәдени өміріндегі ең бір үлкен табыс болатындығы сөзсіз. Ол жалғыз Советтер Одағының ғана емес, бүкіл әлем экранына аралап шығатындығын осы бастан болжап айта аламыз.

Кешкі университеттің оқуы басталды

Петропавл қалалық партия оқу үйі жанындағы кешкі университетте оқу басталды. Университетте қаланың көптеген партия совет комсомол, шаруашылық активтері оқыйды. Университетте екі бөлім ұйымдастырылды. Екі бөлімде де оқу мерзімі бір жылдық. Біріншісі тарих, екіншісі экономика бөлімі. Бұл бөлімдерде партия, Советтік Социалистік Республикалар Одағы халықтарының тарихы, диалектикалық және тарихи материализм, саяси экономика, халықаралық жағдайдың лекциялар оқылып, семинарлар өткізіледі.

Университетте оқушылардың мамандығына қарай, қайсысының қай бөлімдерде оқуы қалайды болатындығы еске алынды.

Мәселен, өнеркәсіптің түрлі салаларында қызмет істейтін қызметкерлерге экономикалық жағынан білім алу ісі ұсынылды. Оқушыларды іріктеп қабылдау жұмысы әлі жүргізіліп жатыр.

Алғашқы сабаққа 63 адам қатынасты. Онда партия тарихы қысқаша курсының 1-тарауынан лекция оқылды. Лекцияны тарих ғылымының кандидаты, Петропавл оқытушылар институтының Марксизм—Ленинизм кафедрасының меңгерушісі Гурвич жолдас оқыды. Оқушылар сабаққа зор ынтымақпен қатысып, лекцияны зейін салатындады. Университетте оқу айына төрт рет өткізіледі.

Балқытылған темірден дөңгелектер жасап шығару

Л. М. Каганович атындағы мемлекеттік бірінші подшипник зауытында балқытылған темірден дөңгелектер жасап шығару әдісі қолданыла бастады. Бұл жаңа әдіс техно-

логиялық процесті анағұрлым жеңілдетеді, еңбек өнімін арттырып, металл жұмсау мөлшерін азайтады.

«Абай» картинасын жасауда Қазақтың Мемлекеттік Академиялық драма театрының артистері үлкен орын алып отыр. Абайдың ролін республиканың халық артисі Қалыбек Қуанышбаев атқарады. Ерден ролін—халық артисі Елубай Өмірзақов, Баймағамбет ролін—халық артисі Қапан Бадыров, Зейнеп ролін—халық артисі Жамал Омарова, Шәріп ролін—республикаға еңбегі сіңген артист Шәкен Айманов жолдастар ойнайды. Булармен картинаға республикаға еңбегі сіңген артистер Сейфолла Телғараев (Көкпай), Жағда Өгізбаев (Әбіш) жолдастар қатынасады.

«Абай» картинасы қазақ кино өнерінің, санымен бірге, Қазақтың Академиялық драма театрының үлкен творчестволық табысы болмақ. Театрдың тарихын, жеке артистердің творчестволық өнерін бұл картина бұрынғыдан да байыта түспек. Шынында «Абай» киносуреті арқылы қазақ театры бүкіл әлем алдында өзінің өскендігін тамаша етіп көрсетпек.

Қазақтың Мемлекеттік Академиялық драма театрының артистері өзінің бұл игілікті міндетін жақсы ұғынып, адал ниетпен барлық күш-жігерлерін жұмсап қызмет етіп келеді. Тек артистік жұмыспен ғана тынып отырмай, олар картинаның өз тараулы жұмыстарына басшылық етіп, оны көбінесе өздері істесіп жүр.

«Абай» картинасы жұмыс көлемі жағынан ең қиыны және үлкен картиналардың бірі. Оны түсіру үшін республикамыздың үкметі 7 миллион сом қаржы бөлді. Картинаны түсіру үшін киностудия мыңнаған костюм, аяқ және бас киімдер тігуге тиісті. Қазақ үйлерінің текемет, кілем, түскініз тағы сол сияқты толып жатқан жасауларын әзірлеуге тиісті. Абайдың ауылын көрсету үшін жыйырмадан астам киіз үй тігіп, оны киізбен, сыртқы және ішкі әшекейлерімен қамтамасыз етуге тиіс.

Киноны түсіруге 700 шамадан астам адам және қотан-қотан қой, үйірлі жылқы қатыстырылуы керек. «Абай» киносуретін үкмет белгілеген мерзімде—1945 жылдың 15 апрелінде жасап шығаруымыз керек.

1945 жылдың август айында республикамыздың еңбекшілері Абайдың туғанына 100 жыл толуын мерекелейді. Бұл мерекеге халқымыздың берер сыйлықтарының бірі—идеялық, көркемдік жағынан өте кұнды, тамаша жасалған «Абай» киносуреті болуға тиіс. Бұл ардақты міндетті орындау үшін Алматы киностудиясының коллективі барлық жігерімен қызмет етеді.

Оқушыларды іріктеп қабылдау жұмысы әлі жүргізіліп жатыр.

Алғашқы сабаққа 63 адам қатынасты. Онда партия тарихы қысқаша курсының 1-тарауынан лекция оқылды. Лекцияны тарих ғылымының кандидаты, Петропавл оқытушылар институтының Марксизм—Ленинизм кафедрасының меңгерушісі Гурвич жолдас оқыды. Оқушылар сабаққа зор ынтымақпен қатысып, лекцияны зейін салатындады. Университетте оқу айына төрт рет өткізіледі.

(ТАСС).

Америка авиациясының Токиоға жаңа шабуылы

ЛОНДОН, 27 ноябрь. (ТАСС). АҚШ-тың соғыс министрлігі аса қуатты «Ушши камал» бомбашыларының 27. ноябрь күндіз Токиоға шабуыл жасап, қаланы стратегиялық және өнеркәсіп орындары бомбалағанын хабар етті. Шабуылға қатысқан самолеттер Сайпан аралынан ұшып шықты.

АҚШ конгресінің өкілдері Лондонға келді

ЛОНДОН, 26 ноябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, АҚШ өкілдері палатасының соғыс істері жөніндегі комиссиясының 17 мүшесі кеше Лондонға келді. Олар соғыс орындарын көріп, майдандарда болмақ.

Брюссельдегі демонстрация

ЛОНДОН, 26 ноябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 25 ноябрьде Брюссельде қарсылық көрсету майданының бір ірі тобының басшылығымен үлкен демонстрация ұйымдастырылды. «Фроп Эн дефанденс» жағында демонстрацияға бірнеше мың адам қатысты. Демонстранттар Министрліктер тұрған ауданға жақын жерде, демонстрацияға қатысушыларға полиция қарсылық көрсетті. Полиция демонстрацияға қатысушыларға қарсы оқ атты.

Демонстранттар жағынан 21 адамның полицейскілерден 31 адамның жараланғандығы Брюссельде ресми түрде жарияланды.

Югославияда халық жауларының мүлкін конфискалау

БЕЛГРАД, 24 ноябрь. (ТАСС). «Азат Югославия» радио станциясының хабары бойынша, Югославияның фашизмге қарсы Халық Азаттығы Комитетінің президентінің халық жаулары мүлкінің мемлекет меншігіне алынуды туралы қарар қабылдады.

Бұл қарар бойынша, Германияның және оның азаматтарының Югославия жеріндегі барлық мүлкі, сол сияқты, Югославияның халық-азаттық армиясы мен партизан отрядтарында жауға қарсы күрескен немесе бейтарап мемлекеттердің оккупация кезінде дұшпандық істемеген азаматтарынан басқа неміс улты адамдарының мүлкі мемлекет меншігіне алынады. Сондай-ақ соғыс қылмысшыларының және олардың көмекшілерінің, бұлардың қай елдің азаматы екеніне қарамастан барлық мүлкі мемлекет меншігіне алынады.

Оккупация кезінде жау зорлықпен дап өсеткен немесе өздері кетіп қалған адамдардың мүлкі мемлекет қарауына түседі. Ол мүлікке меншіктілік нұсаты туралы түпкілікті қарар шығарылғанға дейін не болады. Оккупацияшыл өкмет орындарының бұйрығы бойынша, үшінші бір адамның меншігіне берілген мүлктің жұмсалуына алдағы уақытта қарар шығарылғанға дейін тыйым салынады.

Мемлекет меншігіне алынған немес жұмсауға тыйым салынған барлық мүлі азаттық соғысында тез әрі неғұрлым көжеңіске жету мүддесіне және Югославияны экономика жағынан қалпына келтіру үшін жете пайдалану мақсатында халық мүлкін басқарушы мемлекеттік басқарманың қарамағына түседі.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

«Октябрь» кино-театрында Бүгін және күй сайын «БҮГІНГІ КҮННІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ» Деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі. Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталды. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.